



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті»

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

*«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
СТРАТЕГИЯСЫ, МІНДЕТТЕРІ, ЕНГІЗУІ»*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

*«ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ:
СТРАТЕГИЯ, ЗАДАЧИ, ВНЕДРЕНИЕ»*

I КНИГА



Қостанай қ., 2024 ж.

УДК 37.02
ББК 74.00
А 46

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Сюндикова Данагуль Жаппасбаевна**, педагогикалық білім магистрі, Қостанай облысы әкімдігінің білім басқару басшысының орынбасары; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялар: стратегия, міндеттер, енгізу»: 2024 жылдың 23 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2024. – 1404 б. = «Инновационные технологии в современном образовании: стратегия, задачи, внедрение»: Материалы международной научно-практической конференции, 23 февраля 2024 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынұлы, 2024. – 1404 с.

ISBN 978-601-356-350-3

Жинаққа «Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялар: стратегия, міндеттер, енгізу» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары енгізілген.

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялар: стратегия, міндеттер, енгізу» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жарияланған. Онда білім беруді дамытудың жалпы бағыттары мен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділік пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтары мен тиімді тәжірибелерін енгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың инновациялық қызметке психологиялық-педагогикалық дайындығын қалыптастыру технологияларын енгізу ерекшеліктерін талқылауға арналған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновационные технологии в современном образовании: стратегия, задачи, внедрение», определяющие общие направления и тенденции развития образования, такие, как обеспечение доступности и инклюзивности, актуализация ценностного аспекта содержания на всех уровнях, создание в организациях образования атмосферы открытости и сотрудничества, разработка и внедрение инновационных форматов и эффективных практик психолого-педагогического сопровождения, интеграция педагогической науки и практики.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы.Алтынсарина в контексте современного образования, научных основ гуманистической теории обучения, способов решения проблемы взаимосвязи науки и практики в современном педагогическом образовании, значения допрофессионального педагогического образования как интегративной системы, особенностей внедрения технологий формирования психолого-педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.



УДК 37.02
ББК 74.00

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2024
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2024

- Оқушыларға сұрақты мұқият оқып шығуына назар аудару;
- 7 сыныпта өткізілген проблемалық оқытуды басқа пән мұғалімдермен тәжірибе алмасуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Андреева Е.Ю. Проблемное обучение в географии // География в школе, 1999 ж, № 7.
2. Понурова Г.А., Проблемный подход в обучении географии в средней школе. – М.: Просвещение. 1991 ж.
3. Токтобаева А.Е, Научная статья «Проблемное обучение на уроках географии» // ШҚО, Қатонқарағай ауданы. URL: <https://multiurok.ru/files/nauchnaia-stat-ia-problemnoie-obucheniie-na-urok.html>. 09.11.2016 ж,
4. Технология проблемного обучения, (Д.Дью, И.Лернер). URL: https://skola55555.ucoz.ru/index/tehnologija_problemnogo_obucheniija_dzh_djui_i_lerner/0-30.
5. Карибжанова А.К, Калижанова У.С, Андакаева А.Н. Проблемное обучение, Как? Почему? Почему?, Астана, НИШ конференция. 2019/12 ж. URL: <https://conf.nis.edu.kz/wpcontent/uploads/2019/12/%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%B1%D0%B6pdf>

ӘОЖ 372.882; 82–3

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ЖАЗУ КАБІЛЕТІН ҚАЛАЙ ДАМУҒА БОЛАДЫ?

Сатылы Айғаным Елубайқызы

педагогика ғылымдарының магистрі, эксперт
НЗМ ДББҰ–ның «Білім беру бағдарламалары
орталығы» филиалы, Астана қ., Қазақстан
E-mail: aisatylova@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада креативтіліктің білім берудегі рөлі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушылардың креативті ойлауын, шығармашылық жазылым дағдысын дамытудың маңыздылығы қарастырылады. Оқушылардың креативті ойлауын, шығармашылық жазылым дағдысын дамытудың практикалық жолдары, тәсілдері ұсынылады. Мақалада шығармашылық жазылым түрлері, жанрлары (монолог, әңгіме, хат, т.б.), шығармашылық жазуға үйретудің нақты қадамдары көрсетіледі.

Түйінді сөздер: әдебиет, креативті жазылым, креативті ойлау.

Аннотация

В статье рассматривается роль креативности в образовании, значение развития креативного мышления и творческого письма учащихся при обучении казахскому языку и литературе. Предлагаются практические пути и средства развития креативного мышления учащихся, навыков творческого письма. В статье указываются виды, жанры творческого письма (монолог, рассказ, письмо и т.д.), конкретные этапы обучения творческому письму.

Ключевые слова: литература, креативное письмо, креативное мышление.

Abstract

The article examines the role of creativity in education, the importance of developing creative thinking and creative writing of students in teaching the Kazakh language and literature. Practical ways and means of developing students' creative thinking and creative writing skills. The article specifies the types and genres of creative writing (monologue, short story, letter, etc.), specific stages of learning creative writing.

Key words: literature, creative writing, creative thinking.

Әдебиет – оқушыларды шығармашылыққа баулитын, таным көкжиегін кеңейтетін, шешен сөйлеу мен көркем жазуға үйрететін пән. Әдеби туындылардың бай мазмұнымен сусындаған оқушылардың тілі шұрайлы, ойы озық, сөйлеу мәнері қалыптасқан. Көркем шығармалардағы ғажайып оқиғалар, қызықты сюжеттер оқушылардың қиялын, эмоциялық зиятын шыңдап, эстетикалық талғамын қалыптастырады. Бұның барлығы оқушының шабытын оятып, шығармашылыққа жол ашады. Көптеген мемлекеттерде (АҚШ, Сингапур, Эстония, Финляндия, Австралия) оқушыларды тіл

мен әдебиет пәнінде немесе элективті курстарда креативті жазуға үйретеді. Кейбір мемлекеттерде жеке пән ретінде оқытылса, кейбірінде әдебиет пәнінің мазмұнында, болмаса жоба ретінде оқытылады.

Шығармашылықпен айналысу оқушы бойында бірнеше дағдыны қатар дамытады:

- креативті ойлау;
- мәселелерді шешу және шешім қабылдау;
- метатаным;
- сенімділік;
- әлеуметтік дағдылар мен тұлғаралық қарым–қатынас;
- табандылық;
- коммуникативтік дағдылар;
- сыни ойлау;
- жұмыс өнімділігіне сенімділік. [1]

Оқушыларды шығармашылыққа қалай үйрету керек? Ақ қағаз бен қалам беріп, осы тақырыпқа әңгіме жаз деген тапсырмаларды орындағанды оқушылар қаламайды. Бұндай тапсырмалар олардың пәнге деген қызығушылығын жояды. Ал барынша түрлендіріп, қызықты тапсырмаларды ұсынса, оқушылардың шабытын оятады, ынтасын арттырады. Бұндай тапсырмалар оқушылардың жазба тілін дамытушы, шығармашылық машығының кірпішін қалаушы құрал қызметін атқарады. Көкейдегі ойдың көрікті қалып табуы үшін оқушыларды жазу мәнеріне үйрету қажет. Мұхтар Мағауин «... кезекті жазуға дейінгі, тіпті, одан көп бұрынғы, тұманың бастауындағы бір жағдаяттарды айта кеткен жөн болар. Ол – алғашқы ұшқын – болашақ шығарманың өзегі, ой–толғам, жоба–жоспар жайы. Менің осы уақытқа дейін жазған және жазбаған барлық шығармаларымның әуелгі өскіні – оқиға емес, идея, яғни іс емес, сөз.» дейді. [2] Демек, ең маңыздысы идея тудыру. Оқушыларды шығармашылыққа үйретудің, тақырыпты, идеяны, кейіпкерлер мен сюжетті ойлап табудың бірнеше қадамдары, жолдары бар:

Графикалық органайзерлерді қолдану.

Оқиғалар картасы, кейіпкерлер жүйесі секілді графикалық органайзерлер әңгіме жазуға идея генераторы қызметін атқарады. Оқиға картасын шығарма сюжетін анықтағанда, сонымен қатар жазба жұмысында әңгіменің маңызды элементтерін түсінуге көмектесетін құрал ретінде қолдануға болады. (Кесте 1)

Әңгімені бастамас бұрын, оқиғаның келесі элементтерін оқиға картасына түсіреді:

- кейіпкер;
- сюжет;
- құрылым;
- тақырып;
- мәселе және шешім.

Кесте 1 – Әңгіме құрылымы

Кейіпкерлер		
Құрылым		
Шиеленіс		
Оқиға орны		
1-оқиға	→ 2-оқиға	→ 3-оқиға
Шарықтау шегі		
Шешімі		

Мәтін үлгілерін (әңгіме, өлең, хат) оқып беру.

Мұғалім оқушыға сапалы жазылған үлгі мәтіндерді оқып беру арқылы олардың шығармашылық жазба жұмысының құрылымы туралы түсінігін қалыптастырады. Оқушылар үлгі мәтіннің құрылымына, оқиғаны баяндау, кейіпкерлер мен табиғат көрінісін сипаттау стиліне, автордың сөз қолданысына назар аудару керек. Поэзиялық шығарма болса, мұғалім оқушы назарын ұйқасқа, ырғаққа аудартады. Жазба жұмыстарының құрылымын кестеге, инфографикаға, сызбаға түсіріп, оқушылардың көз алдында тұратындай тақтаға іліп қойған жөн. Атақты жазушылардың, ақындардың шығармаларының құрылымы талданған сызбалар да оқушының шығармашылық қадамдарына түрткі болады, қызығушылығын оятады. Шығармадағы сюжет элементтерін талдай отырып, оқиғаның қалай жазылатынын түсінеді. Автордың оқиғаны баяндау, кейіпкер көзқарасын, мінез–құлқын, іс–әрекетін сипаттау өнерін үйреніп, өз әңгімесінде қолдана алады.

Оқиғаны кейіпкер көзқарасы тұрғысынан баяндау

Шағын әңгімелерді алдын ала оқуға беріп, сабақ кезінде автор көзқарасы тұрғысынан, кейіпкер көзқарасы тұрғысынан баяндату да оқушылардың жазу стилін қалыптастырады.

Жазба жұмысын қадамдарға жіктеу

Оқушыларға шығармашылық жазылымды бірнеше қадамдарға бөліп үйреткен абзал. Сонда оқушы шығармашылық жұмыстың әр бөлігін, құрылымын қалай жазу керектігін жақсы түсінеді.

1. жоспар құру;
2. кейіпкерлерді жан–жақты сипаттау;
3. оқиға орнын жан–жақты сипаттау;
4. бір эпизодты баяндау;
5. басты оқиғаларды жазу;
6. әңгімені толық жазу.

Шеңбер бойымен жазу

Оқушыларды 4–5–тен топтастырып, қарындаш пен қағаз беру қажет. Әр топқа ерекшетақырып пен әңгіменің бастауын бір сөйлеммен ұсынып, жалғастыру тапсырылады. Мысалы, «Мен кеше таудан қайтқанда оғаш бір тіршілік иесін көрдім. Ол ...». Оқушылар топтағы сыныптастарымен ақылдасып, оқиғаны жалғастырады. Мұғалім «Келесі топ» деген белгі бергенге дейін жазады. Шеңбер бойымен жазу мұғалім белгілеген уақыт пен мөлшерге сай орындалады.

Сөздер тізбегін ұсыну

Тақтаға, қабырғаға тақырыпқа қатысты сөздерді «көру», «есту», «дәм», «иіс», «әрекет», «сезім», т.б. топтарға бөліп, тізімін іліп қоюға болады. Оқушылар орынды, нысанды, табиғатты, көріністі, құбылысты сипаттағанда өз сезім мүшелерін қолдана отырып, иіскеу, тыңдау, дәм тату, бақылау секілді іс–әрекеттер мен сезімдердің сипатын жеткізе алуы тиіс.

Қиялға жетелейтін таңғалу, ойлану сұрақтарын қою

Сценарий жазушы Ж. Құсайынов «ал егер ...» сөзі адамның қиялын шыңдап, небір идеяларға түрткі болатынын айтады. [3] Оқушылар шығарманың шешімін өзгертуі мүмкін. Мысалы, Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесінде «ал будан аралар кемпірді шақпағанда...», Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесінде «ал егер Қайырболды өз жүрегін қайтарып алмағанда», Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармасында «ал егер Ләйлә қыз құлантаза жазылып кеткенде...» деген сияқты сұрақтар қоюға болады. Бұл оқиғаға басқа қырынан қарауға мүмкіндік беріп, оқушы қиялын шыңдай түседі. Оқушылар арасында бұндай сұрақтар пікірталас та тудырып, сыни ойлауына, таным көкжиегінің артуына ықпал етеді.

Идея тудыратын құралдармен (заттармен) жұмыс

- сюжетті немесе деректі суреттер;
- ерекше заттар;
- музыкалық шығармалар;
- хат, құжат;
- фильмнен үзінді;
- оқиғалар таяқшасы.

Оқиғалар таяқшасын ағылшын тілінде story sticks деп атайды. Оны (Кесте 2) келесі категорияларға бөлуге болады:

Кесте 2 – Оқиғалар таяқшасының мазмұны

уақыт	Орын	кейіпкер	іс–әрекет
өткен жазда бүгін таңертең кешқұрым наурыз мейрамында екі күн бұрын апақ–сапақ мезгілде бейуақ	жапан далада сахарада теңіз түбінде саябақта кітапханада таудың шыңында ғарышта елсіз аралда	танымал тұлға жас бала спорт командасы ақын ғалым саяхатшы тілші суретші	зерттеу жүргізу құпия материалды тауып алу кітап жазу қылмысты ашу саяхат жасау адасу әлемдік рекордты жаңарту


Кейіпкерлерді сипаттау және дамыту

Кейіпкерлер толықтай ойдан құрастырылуы немесе өмірден алынуы мүмкін. Кейде автор өмірде бар адам бейнесін өз қиялымен дамытып, басқа кейіпкер ретінде танытады.

Әр кейіпкердің жеке қасиеттерін ерекшелеу мақсатында сипаттау, баяндау тәсілдері де әртүрлі болады. Жазушы кейіпкердің сыртқы бейнесі мен мінез–құлқын тура сипаттаудан бөлек, диалог пен монолог арқылы да, жанама мінездеу арқылы да басқа қырларын аша алады.

Көркем шығармалардан бір кейіпкерді таңдап, оның қалай сипатталғанын сыныпта талқылау. Мысалы, Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі» шығармасында Шұғаны қалай сипаттаған?

Енді оқушы өз кейіпкерін құрастырады: бірінші шеңберде есімі, жасы, екінші шеңберде тұрақты мекені, үшінші шеңберде кімдермен тұратыны жазылады. (Сурет 1)



Сурет 1. Кейіпкерді сипаттау

Әр шеңберге бағдар сызығын сызып, келесі детальдарға тоқталуға болады:

- өмір сүру салты;
- оның (олардың) талғамы;
- оның (олардың) жақсы қасиеттері;
- оның (олардың) жағымсыз қасиеттері;
- оның (олардың) қалауы.

Оқушылар осы детальдарды ашу үшін жағдаят ойлап табады. Мысалы, кейіпкер қылмысты ашқысы келеді, бірақ айғақтар жеткіліксіз. Оқушыға кейіпкер туралы жеке мәліметтер, оның арман–тілегі, жағдайы, мәселесі мәлім. Шым–шытырық оқиға құрастыруға идея дайын, оқушы осы идеяны жетілдіріп жазады.

Келесі қадам – кейіпкерлерді сөйлету

Кейіпкердің диалогы, монологы, сөзі арқылы оның жағдайы баяндалады. Нені қалайды? Неге қол жеткізе алмай жүр? Кімдермен тілдеседі? Қатығысты, шиеленісті шеше ала ма? Кейіпкер қыры, әдетте, қақтығыс үстінде жақсы ашылады. Кейіпкерлердің сөз қолданысынан оларға тән мінез көрінуі тиіс: бірбеткей, ашушаң, мейірімді, шапшаң, табанды, уайымшыл, өкпешіл, батыл, көңілшек. Дональд Маасс кейіпкерлерге өз пікірін айтуға мүмкіндік беру қажет дейді де, бірнеше идея ұсынады: бір оқиғаға қатысты қарттың пікірі, саяхатшының пікірі, саясаткердің пікірі, мемлекет қайраткерінің пікірі, ұрлықшының пікірі, аспазшының пікірі. Әр пікірдің ерекшелігі, маңызы неде? Осылайша, әңгіме жазушы оқиғаны баяндаушының көзқарасын жеткізе алады. [4]

Күрделі кейіпкерлерді құруды үйрету

Бір адамның бойынша түрлі қасиеттер болуы мүмкін. Қарама–қайшы қасиеттерді бойына жинақтаған адамды да шығарманың басты кейіпкері ретінде алуға болады. Мықты жақтарымен қоса, әлсіз тұстары бар, жағымды қасиеттерімен қатар жағымсыз қасиеттері қатар жүретін кейіпкерлер есте жақты сақталады, әрі бірегей.

Кейіпкерды оқырман әңгіменің басында және соңында қалай таниды? Кейіпкердің мінез–құлқы, іс–әрекеті, көзқарасы өзгерді ме? Өзгерсе, қандай жағдай әсер етті?

Кейіпкердің киімін, затын сипаттау

Кейіпкердің киім кию үлгісі, ұстайтын заттары оның мамандығынан, тұрмысынан, мінезінен, ұстанымынан хабар береді. Қолында үнемі кітап ұстап жүретін адамға қандай мінездеме беруге болады?

Түрлі жағдайға ұшыраған сәттегі кейіпкерлердің күйін сипаттау

- Егер кейіпкер көпшіліктің мақтауына бөленсе ...
- Егер кейіпкер мазаққа ұшыраса ...
- Егер кейіпкер қандай да бір жағдайдың куәгері болса ...
- Егер кейіпкер бөгде (таныс) адамдардың құпия әңгімесін естіп қойса ...
- Егер кейіпкер бөтен елде адасып кетсе ...
- Егер кейіпкер боранда жапан түзде қалса ...

Бұл жағдаяттар кейіпкердің эмоциялық және ментальді күйіне қалай әсер ететінін сипаттау қажет.

Оқушының оқиға ойлап табу, кейіпкерді сипаттау машығы қалыптасқаннан кейін, нақты бір жанрға сай жазуға үйрету процесі басталады. Жанр үшін бірінші орында сюжет маңызды. Кейіпкер, олардың іс-әрекетінің уәжі, оқиға, құрылым – барлығы бір мүддеге қызмет етеді.

Әр жанрға тән ерекшелік сюжеттен байқалады:

Детектив – қылмыс – тергеу – қылмыскерді әшкерелеу;

Ғашықтық хикаясы – басты кейіпкерлердің танысуы – ғашық болуы – махаббат үшін күресі – ғашықтардың қосылуы;

Триллер – жайбарақат күн кешіп жүрген кейіпкер – қауіп төну – бас кейіпкердің қауіптен құтылуы – кейіпкердің аман қалуы;

Шым-шытырық оқиға – кейіпкердің мақсат қоюы – көптеген кедергілерді жеңіп, арманына жетуі;

Қиял-ғажайып оқиға – кейіпкердің сапарға (ғарышқа, бөгде елге, аралға) шығуы – құнды затқа ие болуы. Фантаст жазушының мақсаты – оқырманның уайым-қайғы, таңданыс, есеңгіреу, әжуа, мысқыл секілді эмоциясын тудыру.

Фантастикалық туынды кейіпкері басында қарапайым адам болса, қалыптаса келе оның мойнында бүкіл әлемнің тағдыры тұрады.

Қорытындылай келе, әдебиет сабақтарында оқушыларды жазу мәнеріне төселдіру, шығармашылыққа баулу мұғалімнің де шығармашылығын, үлкен еңбекті талап етеді. Тапсырманың қызықты, дұрыс берілуі – мазмұнды, тұщымды шығармашылық жұмыстың кепілі. Шығармашылық жазылым оқушының креативті ойлау дағдысын ғана емес, сыни ойлауын, дүниетанымын да дамытады. Жазу мәнері қалыптасқан оқушы бұл дағдысын болашақта, шынайы өмірде кез келген салада қолдана алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Centre for Education and Youth. Creative Writing in Schools: Literature Review, 2014. URL: <https://cfey.org/wp-content/uploads/2017/07/CWIS-Literature-Review-FINAL.pdf>
2. Мағауин М. Мен: Роман-эссе. – Алматы: Сақ, 1998. – 585 б.
3. Құсайынов Ж. Сценарий әліппесі. – Алматы, 2022. – 264 б.
4. Маасс Д. Как написать зажигательный роман: Инсайдерские советы одного из самых успешных литературных агентов в мире. – Москва: КоЛибри, Азбука-аттикус, 2022. – 320.
5. How to create story sticks: A guide to making and using story sticks for creative writing. URL: <https://www.scottishbooktrust.com/learning-resources/how-to-make-story-sticks>

АЛҒЫ СӨЗ



ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

<i>Сеитбек Бекенович Куанышбаев</i> , география ғылымдарының докторы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма - Төрағасы - Ректоры	3
---	---

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Eva Smetanová</i>	Humanistic learning theory in contemporary education and upbringing	5
<i>Бережнова Елена Викторовна</i>	Способы решения проблемы взаимосвязи науки и практики в современном педагогическом образовании	8
<i>Скударева Галина Николаевна</i>	Допрофессиональное педагогическое образование как интегративная система	11
<i>Сюндикова Данагуль Жаппасбаевна</i>	Качество образования костанайской области: реалии и перспективы	15
<i>Chudakova Vira Petrovna</i>	Features of the introduction of innovative technologies «formation of psychological readiness for innovative activity» and «development of psychological competence competitiveness personalities» using digital and stem methods in the practice of modern education	18
<i>Өтелбаева Салтанат</i>	Санкт-петербургте сақталған ыбырайдың үш хаты	24

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ
ТӘРБИЕЛЕУ**

СЕКЦИЯ 1

**ДУХОВНО–НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ НА ОСНОВЕ БАЗОВЫХ
НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ**

<i>Абдикаримова Жанар Куандықовна, Бухарбай Қауя Сапарбекқызы</i>	Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру	30
<i>Абикенова Дариға Женисовна, Нурханова Шолпан Адильбековна</i>	Нравственное воспитание учащихся с особыми образовательными потребностями в рамках работы учителя-дефектолога.	33
<i>Абильгазина Жанар Тулегеновна, Ермагамбетова Айжан Бериковна</i>	Духовно–нравственное воспитание личности на основе базовых национальных ценностей на уроках истории Казахстана	37
<i>Агитаева Дария Тулегеновна, Аушахметова Арита Жемагулиевна</i>	Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы	41
<i>Айсина Надежда Газизовна</i>	Взаимосвязь народных традиций и базовых национальных ценностей	45
<i>Айгүл Абай</i>	Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады	48
<i>Айтпаева Алия Богдановна, Тогусаева Ажаргүл Казийкановна</i>	Қазіргі ұстаз келбеті: оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу	51
<i>Акижанова Асель Жаксыбаевна, Ержанова Рауза Константиновна</i>	Оқушылар мен мұғалімдердің этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық технологиясы	54
<i>Ақишева Балайым Жансеитовна, Айнабекова Акмарал Сабитовна</i>	Шәкірт бойына сапалы білім мен тағылымы мол тәрбие беру	58
<i>Аккулова Салтанат Арыстановна</i>	Ислами құндылықтардың тәрбиелік сипаты	61
<i>Алимова Назгүл Едресовна, Турсынова Елена Каирбековна</i>	Білім алушыларды жалпыұлттық құндылықтар негізінде білім бере отырып тәрбиелеудің маңыздылығы	65
<i>Алипбаева Гульжан Ағыбаевна, Нурова Асемауль Кожихановна</i>	Еріктілер қызметі арқылы студенттерге адамгершілік тәрбие беру	69
<i>Алтыбаев Нурбулат Муратович, Боканова Регина Ренатовна</i>	Духовно- нравственное воспитание в условиях современного образования	72
<i>Альжанова Куляш Есимовна, Жусупова Ирина Тулемрзаевна</i>	Духовно–нравственное воспитание личности на основе базовых национальных ценностей на уроках математики	75
<i>Аминова Алия Рафиковна</i>	Формирование духовно-нравственных ценностей у детей дошкольного возраста на основе базовых национальных ценностей	79
<i>Анасова Айнаш Бектурсыновна, Бекбулатова Ақмарал Балғабаевна</i>	Рухани-адамгершілік тәрбие тәрбиеленушілердің базалық ұлттық құндылықтарын қалыптасыру жүйесі ретінде	82

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Аралбаева Жулдузай Туребековна, Журкубаева Гульвира Темиркеевна</i>	Привитие школьникам базовых национальных ценностей на уроках истории и во внеурочное время	85
<i>Асылханова Гульнара Амантаевна, Тусова Асель Жанибековна</i>	Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу	89
<i>Атоварова Юлия Анатольевна</i>	Духовно-нравственное воспитание на основе базовых национальных ценностях: понятие, цели и методы	92
<i>Афендулиди Елена Наилевна</i>	Музыкальное оформление урока казахского танца	96
<i>Аханова Айгерим Нагметовна, Дүйсенова Айзада Қайырғалиқызы</i>	Заманауи білім беруде ұлттық құндылықты дамыту – парызымыз	100
<i>Ахметшина Гульсия Хабриевна, Замалетдинова Зальфира Исаковна</i>	Духовно-нравственное развитие обучающихся в условиях обновленных ФГОС	105
<i>Ахметші Данагүл Достарқызы, Кадашева Шолпан Алпысбаевна</i>	Рухани адамгершілік тәрбие негізі – толеранттылық іспеттес	108
<i>Ашимов Айтпай Кенесович</i>	Духовно-нравственное воспитание в школе	111
<i>Әбсадық Алмасбек Ахметұлы, Арықбаева Жамила</i>	Троицк бастауыш мектебі және қазақ ағартушылары	113
<i>Әбсадық Алмасбек Ахметұлы, Қорғанбек Болат Сағынбекұлы</i>	Ы.Алтынсарин шығармаларындағы фольклор: типтік образдар мен дидактикалық сарындар	119
<i>Әлиасқарова Мейрамкүл Қуанышбекқызы</i>	Жеке тұлғаға ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру	125
<i>Бадаева Менсулу Сейдағалиевна</i>	Ы. Алтынсарин шығармалары - тәлім мен тәрбиенің алтын діңгегі	128
<i>Бажалақова Гауһар Мұратқызы, Бегманова Дәметкен Әбілекқызы</i>	Ұлттық сананы оятатын математикалық сауаттылық есептерін құрастыру	132
<i>Байдилдина Асель Кенжахметовна, Торина Гүлжахан Қуанышқызы</i>	Ұлттық құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру	136
<i>Байсаматова Жұлдыз Мырзабековна</i>	Сабақтарда қазақ дәстүрлерінің элементтерін енгізе отырып, оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу	139
<i>Байтурсынова Инеш Туребековна</i>	Формирование ценностного отношения к природе через притчи, пословицы и поговорки казахского народа	142
<i>Балгабаева Гаухар Зкрияновна, Анасова Айнаш Бектурсыновна</i>	Тарихи жадыны қалыптастыру негізінде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу	148
<i>Бейсекеев Асет Хасенович, Ахетов Хамза Нурланович Бекбергенова Салтанат Жакиевна</i>	Духовно-нравственное воспитание обучающихся Рухани –адамгершілік мұра негізінде заманауи тұлғаны қалыптастыру	152 155

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Берденова Сауле Жалғасовна</i>	Концепт счастье в казахской и русской языковых картинах мира	158
<i>Беркенова Гульнар Сейтжановна</i>	Духовно-нравственное становление личности обучающихся в процессе реализации воспитательной политики вуза	161
<i>Бозжигитова Гулбагдат Биртаевна, Кукеева Орынкуль Исмагуловна</i>	Сапалы білім бере отырып, ұлттық және адами құндылықтарды дәріптейтін ұрпақ тәрбиелеу	164
<i>Боканова Айгул Ахметсапина, Бекбулатова Акмарал Балгабаевна</i>	Ұлттық құндылық - ұлт болмысы	170
<i>Бондаренко Римма Анатольевна, Маранова Наталья Владимировна</i>	Духовно-нравственное воспитание на уроках музыки	173
<i>Боярская Ольга Васильевна</i>	Роль концертмейстера в воспитании духовно-нравственной личности на уроках хореографии	175
<i>Букарбаева Гаухар Отегенқызы, Ихсан Данияр Отегенұлы</i>	Ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі	179
<i>Бурцева Ирина Юрьевна</i>	Формирование культурной идентичности личности в рамках поликультурного образовательного пространства	183
<i>Вольф Ксения Валерьевна</i>	Современные требования к управлению воспитательным процессом в образовательной организации	187
<i>Вяткин Виталий Сергеевич, Вяткин Артем Сергеевич</i>	Воспитание духовно-нравственных качеств младших школьников посредством базовых национальных ценностей через уроки физической культуры в начальной школе	190
<i>Габдуллина Галия Гимеденовна</i>	Жалпы орта білім беретін мектептерде Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің көркемдігіне талдау	193
<i>Габдуллина Мирамкуль Шакиржановна, Кунакова Жанар Аманбаевна</i>	Ұлттық тәрбиенің алтын діңгегі	197
<i>Галина Луна Бакытжанкызы</i>	Духовно–нравственное воспитание личности на основе базовых национальных ценностей на уроках английского языка	200
<i>Галымжанова Зәуре Тойшыбекқызы, Маликзадинова Райхан Маликзадиновна</i>	Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі А.Байтұрсынов шығармаларының ықпалы	204
<i>Гафиатуллина Гульназ Фегимовна</i>	Базовые национальные ценности как основа целостного пространства духовно-нравственного развития и воспитания обучающихся	208
<i>Губарь Светлана Владимировна</i>	Педагогическое наследие Ибрая Алтынсарина: уроки для современного образования в Казахстане	210

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Гуляева Наталья Петровна, Мацкевич Ольга Витальевна</i>	Духовно-нравственное воспитание на уроках русского языка и математики в специальной школе	215
<i>Давлетшина Анна Александровна</i>	Педагогические условия формирования безопасного поведения у детей дошкольного возраста	218
<i>Дауренбекова Айжан Барамбаевна</i>	Укрепление духовных корней: национальные ценности в процессе личностного воспитания	222
<i>Джумабаева Ардак Калибековна</i>	Ұлттық құндылықтар- рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі	225
<i>Джумамухамбетова Батима Жамшитовна, Алтайбекова Канагат Турсынбаевна</i>	Лингвокультурологи-ческая компетенция как средство повышения мотивации обучающихся через общение к изучаемому языку и культуре духовной и социальной	229
<i>Доскеева Жанар Маулетовна</i>	Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру	233
<i>Дюсекеева Людмила Кабдулаевна</i>	Развитие духовно-нравственных ценностей у студентов колледжа	238
<i>Егемкулова Гулнур Арғынбаевна</i>	Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары	242
<i>Егеубаева Гульназ Галимжановна</i>	Модель духовно-нравственного развития личности современного казахстанского ученика: принципы и практики	245
<i>Екзекова Дина Шарифовна, Фаткулина Лариса Николаевна</i>	Формирование экологической культуры как основа духовно – нравственного развития и воспитания дошкольника	249
<i>Ерекина Назыгуль Сержановна, Хамзина Күлшат Бақытжанқызы</i>	Оқушыларды «бір тұтас тәрбие бағдарламасы» арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу	253
<i>Ержанова Махаббат Маратовна, Бижанова Гульбагда Хасеновна</i>	Межнациональное общение детей и подростков как показатель воспитания толерантности	258
<i>Ермаганбетова Гулсум Казымбекқызы</i>	Ценностные основы духовно-нравственного развития и воспитания обучающихся	262
<i>Ермакова Татьяна Александровна, Байбулатова Айнагүл Маратқызы</i>	Математика и духовное воспитание: национальные ценности в очертаниях чисел	265
<i>Ерманова Айгуль Боранбаевна, Кәкімова Баян Дулатқызы</i>	Қазақ ою-өрнегінің тарихи және тәрбиелік мәні	267
<i>Есбергенова Куляим Амандыковна</i>	Базовые национальные ценности как основа духовно-нравственного развития и воспитания личности	271
<i>Есмагамбетова Гульжан Бердибековна</i>	Қазақ тілі сабақтарында оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу арқылы оқыту	276
<i>Жамбулова Айгуль Жакановна, Түлебаева Куляш Тунгушпаевна</i>	Қазақ халқы –рухани зор байлықтың мұрагері	279

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Жапанова Айнур Болатовна, Шершень Жанна Леонидовна</i>	Эффективные методы и походы в воспитании школьников на основе национальных ценностей.	282
<i>Жарасбаева Зибагуль Батырхановна</i>	Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру	285
<i>Житчаева Бахитжамал Ауесхановна, Нургазина Елена Игоревна</i>	Духовно-нравственное воспитание как условие гармоничного развития личности	289
<i>Жумабаева Анар Жумабаевна, Сейлова Ляззат Алдабергеновна</i>	Бала тәрбиесі – бесіктен	294
<i>Жумабаева Ментай Алпысбайқызы</i>	Духовно–нравственное воспитание учащихся на базе изучения русскому языку и литературе в казахских школах	297
<i>Жумагулова Айнагуль Аманжоловна</i>	Қазақ әдебиет сабақтарында ұлттық құндылықтарды игеру арқылы жеке тұлғаны дамыту	300
<i>Жусупова Сабина Толгатқызы</i>	Взаимодействие с родителями в процессе воспитания общечеловеческих ценностей у детей дошкольного возраста	303
<i>Жучкова Наталья Геннадьевна, Вяткина Татьяна Викторовна</i>	Духовно-нравственное воспитание и гармоничное развитие личности ребёнка через призму актёрского мастерства средствами эстетического образования	306
<i>Журсиналина Гульсум Сайлаукановна, Кукенова Бакыткуль Кабылдиновна</i>	Эффективные формы воспитательной работы формирования нравственно-духовной личности	310
<i>Жүніс Дархан Жақсылықұлы</i>	Национальное наследие в учебно-воспитательном процессе	313
<i>Имашева Динара Иманбаевна</i>	Ұлттық құндылықты насихаттау барысында «Көкпар» әдісін сабақтарда қолдану	318
<i>Исабекова Алия Нағашыбаевна, Ахметова Инеш Гайсаевна</i>	Духовно-нравственное воспитание – базовая основа современного образования	321
<i>Искалиева Рабига Мулкамановна, Искаков Жанторе Мухтарович</i>	Ыбырай Алтынсарин танымындағы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтары	325
<i>Исмагулова Гульшат Хабидулловна, Брянова Айсәуле Есимжановна</i>	Оқушы тұлғасын дамыту мен тәрбиелеудің рухани-адамгершілік негіздері	328
<i>Исмагулова Гульмира Сагалбаевна</i>	Обогащение духовно-нравственными представлениями и понятиями детей на основе базовых национальных ценностей на уроках начальной школы	333
<i>Кабылдина Акмарал Турғынбековна, Копбаева Айнур Габдоллаевна</i>	Музыка сабағында білім алушыларды ұлттық құндылықтары мен өнерге баулу арқылы кәсіптік шеберлігін арттыру	337
<i>Кадырбаева Жанылдық Мохторбековна, Иманбаева Сапаргуль Садвакасовна</i>	Ценностные установки духовно-нравственного развития и воспитания обучающихся	341

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Какимова Анель Сабитовна</i>	Эффективные направления и проблемы изучения казахского языка с детьми дошкольного возраста в условиях дошкольной организации	346
<i>Камалова Гулжанат Мирашовна, Нургалиева Бибигуль Галимжановна</i>	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту арқылы оқушылардың бойында құндылықтарды қалыптастыру	350
<i>Кандалина Татьяна Валентиновна</i>	Воспитание искусством на основе национальных ценностей	353
<i>Карабасова Роза Казымовна</i>	Нравственное воспитание и социальная реабилитация детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в учреждениях семейного типа на примере Коммунального государственного учреждения «Детская деревня семейного типа «Жанұя» Управления образования акимата Костанайской области	357
<i>Караулова Хорлан Мизамовна, Нурахметова Айгуль Баязитовна</i>	Ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаға білім мен тәрбие беру	361
<i>Каримова Лязат Аубакировна, Абдуллина Айман Тухановна</i>	Сабақ барысындағы ұлттық тәрбие негіздері	365
<i>Карина Аягүл Алпысбайқызы</i>	Ерекше білім беруді қажет ететін баланы логопедиялық сабақта сөйлеуін ұлттық құндылықтарды кіріктіре отырып дамыту	370
<i>Касенова Норгүл Шакировна, Нургалиева Гульназ Сабитовна</i>	«Күретамыр» - ұлттық құндылықты дәріптеу	373
<i>Кенешева Айгуль Каршигановна, Шагатаева Роза Шатеновна</i>	Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы	376
<i>Кирдун Виктория Сергеевна</i>	Формирование казахстанского патриотизма и гражданской ответственности как основа духовно-нравственного воспитания младших школьников: из опыта работы	379
<i>Клименко Анна Ивановна</i>	Духовно-нравственное воспитание студентов в учебном процессе	382
<i>Кодола Лариса Васильевна, Ким Ольга Александровна</i>	«Приобщение дошкольников к культурному наследию казахского народа»	387
<i>Койшибаева Гульмира Шегебаевна, Телеген Айман Әзімбекқызы</i>	Обучение казахскому языку в дошкольной организации как эффективный метод формирования нравственно-духовных ценностей у детей	391
<i>Конвисарова Людмила Александровна</i>	Духовно-нравственное развитие студентов на занятиях по литературе	394
<i>Космаганбетова Гулим Бейсенбаевна</i>	Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары жаңа заманның үндестігі	397
<i>Коцкая Ольга Григорьевна, Федянина Ирина Гавриловна</i>	Музей - как средство духовного воспитания подрастающего поколения	401

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Крузе Светлана Владимировна</i>	Воспитание нравственности и патриотизма дошкольников, в условиях летнего оздоровительного периода, как одна из существенных форм работы с детьми	406
<i>Куанышбаева Малика Талгатовна, Демисенова Шнар Сапаровна</i>	The issue of developing tolerance in youth in contemporary psychological and pedagogical literature	410
<i>Кульченко Елена Михайловна</i>	Духовно-нравственное воспитание личности на основе базовых национальных ценностей на уроках музыки и во внеурочной деятельности	413
<i>Куприянчик Марина Александровна</i>	Духовно–нравственное развитие через «Единую программу воспитания» на основе базовых национальных ценностей	417
<i>Курбаналиева Бакыт Жантилесовна</i>	Жасөспірімдердің мінез-құлқында болатын өзгерістерге отбасының ықпалы	421
<i>Кусаинова Улберген Рамазановна, Сактаганова Жанар Хансултановна</i>	Кітап-сарқылмас қазына	424
<i>Кусниярова Зарина Муратовна, Шалгимбекова Кенжегуль Сапышевна</i>	Проблема изучения теоретических аспектов формирования ценностных ориентаций	427
<i>Лазута Елена Владимировна</i>	Нравственно-духовные аспекты в работе с текстами на уроках развития слухового восприятия (из опыта работы)	431
<i>Маканова Анар Жаруловна</i>	Развитие коммуникативных навыков педагога-психолога как педагогической ценности	433
<i>Маланичева Анна Владимировна</i>	Особенности восточного типа воспитания: теоретико-методологический аспект	436
<i>Маликов Рустам Шайдуллоевич, Гиниятуллин Раниль Рамилевич</i>	Справедливость во взаимоотношениях членов семьи в утопическом гуманизме согласно суре 12 «Йусуф» Корана	439
<i>Мендыгалиева Жанагуль Акановна, Кыпшакбаева Акмарал Дулатовна</i>	Үш құндылық – ұлттық мүдде, ар – ұят, талап	443
